

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№42 (10 297)

24 қазан

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАНАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ТЕЛЕКӨПІР АРҚЫЛЫ KIA
QAZAQSTAN АВТОМОБИЛЬ
ЗАУЫТЫН АШТЫ

мәдениетінің маңызды бөлшегі екенін көрсетеді. Бұл шынайы құрмет пен ниеттестік ортасын қалыптастырады. Жұмысшы мамандарға дәл осындай қарым-қатынас қоғамда еңбекқорлық пен әлеуметтік әділдік құндылықтарының орнығуына септігін тигізеді. Зауытта өндіріс локализациясына екпін қойылып отыр. Бұл шығарылатын өнімдегі қазақстандық үлесті едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сарапшылардың есебінше, автозауыттағы әрбір жұмыс орны логистика, сервис, инфрақұрылым салаларында жанама түрде бес-алты адамды жұмыспен қамтуға ықпал етеді. Бұл – жай ғана өндіріс желісінің кеңеюі емес, толық өнеркәсіп кластерін қалыптастыру үшін жасалған зор қадам. Мұндай жүйеде шағын және орта бизнес тұрақты дамуға мүмкіндік алады. Өндірісті ұйымдастырудың

осындай кешенді тәсілі Қостанай облысының ғана емес, тұтас еліміздің индустриялық әлеуетін күшейтеді. KIA зауыты қазақстандық автоөнеркәсіптің өркендеуіне тың серпін беретініне сенімдімін. Жаңа кәсіпорынның жұмысы отандық автопарктың жаңаруына септігін тигізеді. Ол қалалар мен күре жолдардағы жол қозғалысы қауіпсіздігіне оң әсер етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттің машина жасау саласына баса мән беретінін жеткізді.

– Былтыр осы салаға 290 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда екі жарым есе көп. Осы үрдіс биыл да жалғасуда. Жыл басынан бері осы салаға 178 миллиард теңге қаражат салынды. Инвесторлар Қазақстанға зор қызығушылық танытып отыр. Ауқымды шаралардың

нәтижесінде бұл бағытта бірқатар табысқа қол жеткіздік. Өткен жылы елімізде 145 мыңнан астам көлік шығарылды. Астана, Алматы, Семей, Орал, Көкшетау, Қостанай және Саран қалаларында автокөлік өндірісіне қатысты кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Он мыңнан астам азаматымыз осы салада еңбек етеді. Оның жартысына жуығы – жастар. Ал Қостанайдағы зауытта бір жарым мың адам жұмыс істейтін болады. Жұмысшылар жаңа дағдыларды игеріп, білікті маман ретінде қалыптасады. Алдағы уақытта кәсіпорын инженерлердің нағыз шеберханасы болады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жақында Үкіметке экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін нақты шаралар әзірлеу туралы тапсырма беріліп, осыған байланысты бірқатар маңызды шешім қабылданғанын айтты.

– Соған сәйкес енді азаматтарға автокөлікті лизингпен алу мүмкіндігі ұсынылады. Соның арқасында автокөліктер халыққа мейлінше қолжетімді бола түспек. Елімізде KIA Qazaqstan зауытының іске қосылуы осы саланы технологиялық тұрғыдан жаңғыртуға зор серпін берері сөзсіз. Кәсіпорын болашақта басқа да жаңа көлік түрлерін шығарады деп сенемін. Осылайша, әлемдік озық талаптарға сай көліктерімізді сыртқы нарыққа, яғни шетелге шығаруға мүмкіндік болмақ. Қазақстан жаһандық автокөлік өнеркәсібінің дамуына бар күш-жігерін салуға дайын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонгты ІІ дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

– Біз Сіздің қазақ-корея ынтымақтастығының дамуына, қос халықтың арасындағы достықтың нығаюына қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Шын мәнінде, еліміздің автокөлік саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз мол, – деді Президент.

KIA Qazaqstan зауытын салу туралы шешім 2023 жылы қабылданды. Кәсіпорын Қостанай қаласының индустриялық аймағындағы 62,95 гектар аумақта орналасқан. Зауыт жылына 70 мың көлік өндіре алады. Инвестиция көлемі – 131,5 миллиард теңге. Кәсіпорында 1500 жұмыс орны ашылған. Ал, оның өнімі Қазақстанға, Орталық Азия және ЕАЭО елдерінің нарықтарына шығарылады.

Жетісуда аккумулятор батареяларының
жаңа түрі өндіріле бастады

қарағанда, жаңа жобаны іске асыруға әзірге 10 млрд. теңге инвестиция тартылған, алдағы уақытта инвестиция көлемі өседі деп күтілуде.

– Бұл біздің зауыттың үшінші өндірістік учаскесі. Жаңа желіде өндіретін аккумулятор батареялары резервте қуат беруге арналған, яғни белгілі бір нысанда электр тогы сөніп қалған жағдайда ток көзімен қамтамасыз ету үшін және телекоммуникация салаларында пайдаланылады, яғни корпоративтік сектормен жұмыс істеуге басымдық беріп отырмыз.

Жобаның І кезегінде, яғни, келесі жылы шамамен 100 мың аккумулятор батареяларын шығару жоспарланып отыр. Мұнда жұмыс істейтіндер саны 150 адамға жеткізіледі. Бұл желіге бұрыннан осы зауытта жұмыс істеп, өндірісті кәсіби деңгейде білетін азаматтар тартылып отыр, ал олардың босаған жұмыс орындарына жаңа мамандар қабылдануда, – дейді бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Талғат Қонақбаев.

Жаңа желіге тартылған мамандардың бірі

Асқар Рахым жұмыстың барысы туралы пікірін білдірді:

– Мен осы зауытта 2023 жылдан бері жұмыс істеймін. Алғашында жинақтау учаскесінен бастадым. Сол жылдардан бері кәсіпорынның өндірістік қуаты өскенін, аккумулятор сапасының жақсара түскеніне тұрақты куә болып келеміз. Сонымен бірге жаңа технологиямен жұмыс істеуді де меңгердік. Ол үшін бізді арнайы оқытудан өткізіп тұрады. Мұндағы жұмыс қиын емес, ең бастысы өз ісінді жақсы көріп, ынтымақ атқарсаң болғаны, – дейді ол.

Еске салсақ, «Қайнар-АКБ» зауыты – облыстағы ең ірі, жүйеқұраушы кәсіпорынның бірі. Онда 1200 адам жұмыс істейді. Зауыттың Талдықорған қаласы өнеркәсібіндегі үлесі қазір 33,6% құрап отыр. Бүгінде мұнда жеңіл және жүк автомобильдеріне, ауыл шаруашылығына, әскери техникада т.б. салаларда қолдануға арналған аккумулятор батареяларының 50-ден астам түрін шығарылады. Кәсіпорында аккумулятор өндірісінің толық автоматтандырылған цикл әйгізілген – бөлшектерді құюдан бастап дайын өнімді құрастыруға дейінгі барлық құрамдас бөліктер өндіріледі. Өнімдері Италия, Польша, ОАЭ, Ресей, Қытай және басқа да таяу шетелдерге экспортталады. Өткен сегіз айда мұнда шамамен 1,7 млн. дана аккумулятор батареясы шығарылған.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шараға қатысушыларды зауыттың ашылуымен құттықтап, бұл еліміздегі машина жасау саласын дамыту бағытындағы өте маңызды қадам екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы осыдан екі жыл бұрын Қостанайға сапары кезінде KIA Sportage автокөлігінің өндірісі іске қосылғанын еске салды. Бүгін KIA Motors корпорациясымен жасалған келісімге сәйкес зауыт ашылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонгқа және компанияға шынайы ризашылығын білдіріп, ауқымды жұмыс атқарылғанын, нәтижесінде өзара тиімді және жемісті байланыс нығая түскенін атап өтті.

– Жалпы, бүгінгі айтулы оқиға Қазақстан мен Корея арасындағы стратегиялық серіктестік пен табысты қарым-қатынастың жарқын көрінісі екені анық. Корея Республикасы – Қазақстанның Азиядағы сенімді әріптесі. Біз ынтымақтастығымызды күшейте түсуге мүдделіміз. Қазір Қазақстанда Кореяның 800-ден астам компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде автокөлік жасау саласын өзара тиімді ықпалдастық көзі деп айтуға толық негіз бар. Бүгін ашылып жатқан бірегей зауыт – соның айқын дәлелі. KIA корпорациясы автомобиль шығаратын әлемдегі 10 ірі компанияның қатарына кіреді. Сондай-ақ, KIA – Қазақстан азаматтары ең көп сатып алатын үш көлік маркасының бірі. KIA брендінің атауы «көтеріліп келе жатқан» және «Азия» деген екі иероглифтен құралуының символдық мәні бар. Шын мәнінде, компания Азияның жаңа экономикалық өрлеуі мен гүлденуінің жарқын көрінісіне айналды. KIA – келешектің корпорациясы. Кәсіпорын шығаратын автокөліктерде озық технология, тартымды дизайн және жоғары деңгейдегі сенімділік үйлесім тапқан, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев KIA компаниясы әлеуметтік жауапкершілік аясында адам капиталын дамытуға белсенді түрде инвестиция салып келе жатқанына тоқталды.

– Әлемдік автоалпауыт еліміздегі зауытты іске қоспай тұрып, Қазақстан және Корея университеттерімен, колледждерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қоя бастады. Бұдан бөлек, білікті кадрларды даярлау үшін компания корпоративтік оқу орталығын ашуды жоспарлап отыр. KIA осы арқылы қызметкерлерге қамқорлық – ұйым

Бүгін Жетісу облысында Республика күнінің қарсаңында «Қайнар-АКБ» зауытының жаңа өндірістік желісі іске қосылды. Мұнда резервте электр қуатын беруге арналған аккумулятор батареялары өндіріледі, – деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Зауыт ұжымын қуанышты сәтпен облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады:

– Жаңа жоба облыс экономикасын дамытуға, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға ықпал етеді деп сенеміз. Бұрын автокөлік аккумуляторлары «Қайнар» зауытының танымал бренді болса, енді оның жаңа өнімдері де сапа мен сенімділіктің кепілі болғаны отыр. Біз отандық өнім өндіру ісін ұйымдастыруға септігін тигізетін осындай бастамаларды әрдайым қолдауға дайынбыз, – деген өңір басшысы бірқатар зауыт жұмысшыларына алдағы Республика күніне орай құрмет грамотасы мен Алғыс хат тапсырды.

Өз кезегінде «Қайнар-АКБ» ЖШС бас директоры Ербол Ажмағамбетов облыс әкімдігінің қолдауына ризашылығын білдіріп, жаңа желінің жұмысы зауытқа тың тыныс беретінін атап өтті. Мұнан соң өңір әкімі мен зауыт басшысы символдық нүктені басып, жаңа желінің жұмысын ресми түрде бастап берді.

Зауыт жұмысшыларымен тілдескен Бейбіт Исабаев құю, ұгіту, қаптау цехтарын аралап, жұмыс процесімен танысты.

Зауыт басшылығының мәліметіне

Білімдегі білім беру жүйесінің дамуы: жетістіктері мен болашағы



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында айтылған тапсырмаларын жүзеге асыру аясында елімізде білім беру жүйесін дамыту және білікті кадрлар даярлау бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Үкімет мектепке дейінгі тәрбиеден бастап жоғары білім мен ғылымға дейінгі барлық деңгейдегі білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға баса назар аударады.

Мектепке дейінгі білім беру

2025 жылдың басынан бері елімізде 26,6 мың орынға арналған жаңа 303 мектепке дейінгі мекеме ашылды. Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал санаттарындағы барлық бала тегін тамақпен қамтамасыз етілген. Балалары балабақшаларға бармайтын ата-аналар үшін 5,5 мыңнан астам кеңес беру орталықтары жұмыс істейді.

«Ақша баланың соңынан жүреді» қағидатына негізделген ваучерлік қаржыландыру тетігі енгізілуде: пилоттық жоба 20 қала мен 7 ауданды қамтиды, 4,8 мыңға жуық мектепке дейінгі ұйым қатысады, 671 мыңнан астам ваучер берілді. Соның арқасында балабақша кезегі жар-тысына жуық төмендеді.

Орта білім:

мектеп салу және жаңарту

2024-2025 жылдары жарты миллионнан астам орындық 359 мектеп, оның ішінде «Келешек мектептері» жобасы аясында 173 мектеп пайдалануға берілді. Жыл басынан бері 102 мектеп салынды (153,8 мың орындық), оның 68-і жоба шеңберінде, ал 34-і бюджеттен тыс қаражат көздер есебінен. Жыл соңына дейін тағы 92 мектеп, оның ішінде жоба аясында 44 мектеп ашу жоспарлануда.

245 мектепті күрделі жөндеуден өткізу 95 мыңнан астам оқушының білім алуына қолайлы жағдай жасайды. Қазірдің өзінде 132 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары аяқталса, 104 мекемеде жұмыстар жалғасуда, нысандардың бір бөлігі жыл соңына дейін, ал бір бөлігі 2026 жылға дейінгі екі жылдық жобалар аясында аяқталады.

Қосымша білім беру

2025 жылдың тоғыз айында балаларды қосымша біліммен қамту жалпы оқушылар санының 87,2%-ына дейін өсті, оның ішінде тегін үйірмелер мен секциялармен балалардың 62 %-ы қамтылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға жоғары. Қосымша білім беру ұйымдарының желісі өткен жылмен салыстырғанда 25%-ға өсіп, екі мыңнан астам бірлікті құрайды.

Кейбір қалаларда келушілерді тіркейтін және үйірмелер мен секциялар жұмысының ашықтығын

қамтамасыз ететін пилоттық цифрлық жоба жүзеге асырылуда.

Балалардың демалысы мен оларды сауықтыру

Биыл балаларды сауықтыру және еңбекпен қамту өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 200 мың балаға, яғни 3,4 млн балаға дейін өсті. Мектеп жанында он мыңнан астам лагерь және қала сыртындағы 192 балаларға арналған сауықтыру орталығы жұмыс істейді. 2027 жылға дейін осындай 50 орталық құрылады. 2026 жылдан бастап білім беру-сауықтыру қызметтерін лицензиялау енгізіледі.

Тамақтандыру

Тегін ыстық тамақпен 1,7 млн. мектеп оқушысы қамтылды. Олардың ішінде 1,4 млн. астамы бастауыш сынып оқушысы және 340 мыңнан астамы әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балалары. Мектепке дейінгі ұйымдарда да осындай санаттағы 99 мың бала тамақпен қамтамасыз етілді.

2025 жылдың қыркүйек айынан бастап білім беру ұйымдарында көкөніс пен жеміс тұтынуды арттыруды, тұз, қант және май мөлшерін азайтуды, сондай-ақ табиғи емес өнімдерді алып тастауды көздейтін тамақтану стандарты енгізілді. Тамақтандыру сапасын қадағалау тосыннан тексеру ақылы жүзеге асырылады.

Балалар құқықтарын қорғау

Өңірлерде 20 психологиялық қолдау орталығы жұмыс істейді. Онда 23 мыңнан астам жеке консультация өткізілді. Мектептерде «111» байланыс орталығының QR-кодтары орналастырылған. Жыл басынан бері 90 мыңнан астам балаға көмек көрсетілді.

Отбасылық орналастырудың жаңа нысаны – баланы қабылдайтын кәсіби отбасы енгізілді, оны қолдауға жергілікті бюджеттен 1,5 млрд. теңге бөлінді. Қорғаншылық органдары мамандарының штат саны 303-тен 1 006 адамға дейін артты.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы

Бағдарлама кәметке толмаған балалар үшін жинақтаушы білім беру капиталын қалыптастырады. 2025 жылы Қазақстан Республикасының кәметке толмаған 6,9 млн. азаматының әрқайсысына \$100-ден астам қаражат аударылды. Бүгінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім беру ақысын төлеуге 186 мың өтінім берілді, оның ішінде жалпы сомасы \$22,9-дан астам болатын 156 мың өтінім орындалды.

Техникалық және кәсіптік білім беру

2025–2026 оқу жылында 189 мың талапкер қабылданды, оның ішінде 145 мыңы — мемлекеттік тапсырыс бойынша. 9-сынып түлектерінің барлығы машина жасау, IT, энергетика және құрылыс сияқты сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін оқумен қамтылған.

Дуальді білім беру жүйесі бойынша 108 мың студент оқиды, жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 135 мыңға жеткізу жоспарланып отыр.

Қытай, Германия, Франция, Түркия, Оңтүстік Корея, Финляндия, Канада, Сингапур, Италия, Ұлыбритания және Швейцария колледждерімен академиялық мобильділік, халықаралық салалық аккредитация және стратегиялық әріптестіктің өзге де түрлері бойынша жасалған 50-ден астам халықаралық келісім білім сапасын арттыруға және түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Бұл жұмыстардың барлығы айтарлықтай нәтижелер беруде. Қазақстанның ұлттық құрамасы Данияда өткен EuroSkills Herning 2025 халықаралық кәсіби шеберлік чемпионатында жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Команда веб-технология, мехатроника, графикалық дизайн, желілік және жүйелік өкімшілендіру, инженерлік CAD дизайн сияқты 5 бағыт бойынша 7 үздік шеберлік медальонын жеңіп алып, «Ұлт үздігі» аталымында марапатталды.

Жұмысшы мамандарды қолдау мақсатында жеңілдетілген шарттарымен «Наурыз жұмыскер» ипотекалық бағдарламасы іске қосылды. 22 қыркүйектегі жағдай бойынша бағдарлама аясында жалпы сомасы 46,5 млрд. теңге болатын 1,9 мыңнан астам несие берілді.

Жоғары білім

2025–2026 оқу жылына 93 мыңнан астам грант бөлінді. Шәкіртақы көлемі екі есеге жуық артты. Жаңа жатақханалар пайдалануға берілуде, 2018 жылдан бері орын тапшылығы 72,5%-ға қысқарды. Шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылды. 20 қазақстандық университет QS WUR 2026 рейтингіне енді, бес университет Times Higher Education тізіміне кірді, ал Назарбаев Университеті алғаш рет әлемнің үздік 500 жоғары оқу орнының қатарына қосылды.

Халықаралық интеграция және жасанды интеллект

Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне белсенді интеграциялануда және жасанды интеллект саласында мамандар даярлауды дамытуда. AI-Sana бағдарламасы енгізілді, жасанды интеллект және кәсіпкерлік саласындағы бағдарлама бойынша 440 мыңнан астам студент білім алды.

Ғылым. Ғылымды коммерцияландыру

Satbayev University металлургия институтының технологиясы бойынша алғаш рет вакуумдық дистилляция әдісімен СТ-1 маркалы техникалық селен алынды. Назарбаев Университетінің ғалымдары литий-ионды аккумуляторлар үшін отандық шикізаттан катодты материалдар прекурсорларын өндіру технологиясын әзірлеп шығарды. Өндірістің әлеуетті көлемі \$40 млрд-қа бағаланып отыр.

Жаңа зерттеу орталықтары іске қосылды, 2025 жылы ғылыми жобаларды коммерцияландыру бойынша жаңа 62 шарт жасалып, жалпы 267 жоба жүзеге асырылу сатысында. Ғылыми жобаларға жеке инвестициялар көлемі бүгінде 20,4 млрд. теңгеге жетті, алдағы уақытта тағы 8,8 млрд. теңге тарту жоспарланып отыр. Жобалардың аяқталуына қарай жеке қоса қаржыландыру үлесі 32%-ға дейін өседі.

Кен пайдаланушылардың осы мақсатта аударған қаражаттарын бюджет арқылы орталықтандыру есебінен Ғылыми-зерттеу және тәжіри-белік - конструкторлық жұмыс-тарды (ҒЗТҚЖ) қаржыландыру тетігі енгізілуде.

"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН": ЖЕТІСУДА РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЕСКЕРТКІШТЕР ЖАҢҒЫРТЫЛЫП, ЖАҢА СКВЕР АШЫЛДЫ



Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Республика күні қарсаңында Ескелді би, Балпық би, Қаблоса жырау мен Қабанбай батырға арналған ескерткіштерді жөндеу жұмыстары аяқталды. Бұл ескерткіштер Талдықорған қаласында орнатылған. Сонымен қатар облыс орталығында жаңа сквер пайдалануға берілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұған дейін қазан айының басында облыс әкімі Бейбіт Исабаев қаланы аралау барысында Ескелді би, Балпық би мен Қаблоса жырауға арналған «Үш ата» ескерткішін қалпына келтіру жұмыстарына қатысты бірқатар ескертпелер айтқан болатын. Мұнан кейін мердігер ұйым тарапынан тиісті шаралар қабылданды, атап айтқанда брусчаткалар ауыстырылып, сатының гранит тастары қайтадан төселді. Мүсіннің бояуы жаңартылды, ескерткіштің маңайы абаттандырылды, жарық шамдары орнатылды.

Сол сияқты Қабанбай батыр ескерткішінің де гранит қаптамалары ауыстырылып, жазбалары жаңғыртылды, монументі мен орындықтар боялды.

Атқарылған жұмыстардың сапасымен қала әкімі Ернат Бәзіл және ардагерлер мен Қоғамдық кеңес мүшелері танысты. Ардагерлер мәдени мұраларымызды сақтаудың маңызы зор екенін тілге тиек етіп, ескерткіштерді жаңғыртқан

құрылысшыларға ризашылығын білдірді.

- Ата-бабаларымызға құрмет көрсету – біздің қасиетті борышымыз. Ата-баба мұрасын насихаттап, еліміздің тарихын тереңірек танып-білуіміз қажет, - деді ардагер журналист, «Алаш» сыйлығының иегері Әміре Өрін. Атап өтсек, облыста жыл басынан бері Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне арналған 112 ескерткіш ағымдағы жөндеуден өткізілген.

Осы күні облыс орталығының «Бірлік» шағын ауданында 0,62 га болатын жаңа сквер пайдалануға берілді. Онда автоматты суару жүйесі, жарық шамдары орнатылып, газон төселген. Өткеншектен, орындықтар, беседкалар, балалар ойын алаңы бар. Осы скверде күзгі уақытта 175 жапырақты және қылқан жапырақты ағаш егіледі деп жоспарланып отыр. Бұл тұрғындар үшін қолайлы демалыс орны болмақ.

«Бірлік» шағын ауданының тұрғындары сквердің ашылғанына қуанып отыр:

- Төрт жыл бұрын осында көшіп келдім. Енді үйдің жанында керемет паркіміз бар, енді ол таза ауада отырып тынығуға болатын демалыс орнымыз болады. Мектеп те паркке өте жақын орналасқан. Тұрғындардың әл-ауқатына көңіл бөліп жатқан барша азаматтарға үлкен алғысымды білдіремін, - деді шағын аудан тұрғыны Назгүл Нұрланқызы.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Жетісу облысында 25 мың гектар егістік алқапты сумен қамтамасыз ету үшін каналдарды реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп жатыр

Жетісу облысына жұмыс сапары кезінде Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов өңірдің су шаруашылығы нысандарының жай-күйімен және олардың жұмысымен, сондай-ақ бірқатар ірі жобаның іске асу барысымен танысты.

Көксу ауданында ведомство басшысы Ислам даму банкінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан ирригациялық және дренаждық жүйелерді реконструкциялау жобасын тексерді. Оның бірінші кезеңінде жалпы ұзындығы 108,7 шақырым болатын 9 канал жөнделіп жатыр. Бұл жұмыстар келесі жылы аяқталады деп жоспарланған.

Жобаның екінші кезеңінде тағы 157,8 шақырым канал реконструкцияланады. Барлық жұмыс аяқталған соң Көксу ауданындағы суармалы жер көлемі 13,6 мың гектарға ұлғаяды.

Ақсу ауданында каналдарды бетондау жұмыстары жалғасып жатыр. Бүгінде жобаның 75 пайызы орындалған. Толық аяқтау келесі жылға жоспарланған. Каналдарды бетондау нәтижесінде 11 мың гектар жерге тұрақты су жеткізіледі. Нұржан Нұржігітов жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

«Жетісу облысында іске асырылып жатқан жобалар өңірдің ауыл шаруашылығы әлеуетін арттыруға, яғни суармалы жерлердің көлемін көбейтуге бағытталған. Барлық жұмыс кестеге сай жүріп жатыр және уақытында аяқталуы керек. Біздің министрлік ауқымды жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар мен гранттық қаражатты белсенді тартып отыр. Енді осы бастамаларды соңына дейін жеткізу қажет. Аграрлық секторды сапалы әрі уақытылы сумен қамтамасыз ету – біздің басты міндеттеріміздің бірі», - деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Биыл қыркүйек айында Ақсу ауданында күрделі реконструкциядан кейін Қызылағаш су қоймасы пайдалануға берілді. Бұған дейін нысанда бөгет пен магистральдық канал жөнделіп, су алу және су жіберу жүйелері жөнделіп, автоматтандырылған және ескерту жүйесі орнатылған. Соңғы үш жылда Қызылағаш су қоймасы сынақ режимде жұмыс істеп, біртіндеп су жинады.

Қазіргі уақытта Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті Қызылағаш массивін салу жобасын жүзеге асырып жатыр. Бұл жоба Ақсу ауданындағы суармалы жер көлемін 4 500 гектарға арттыруға мүмкіндік береді.

ДЕРЕККӨЗ: ҚР СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСМИ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСЫ.

25 қазан – Ұлттық рухты көтеретін мереке!



**Ардақты Ардагерлер!
Қадірлі аға буын өкілдері!**

Сіздерді 25 қазан – Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан біраз жыл үзілістен кейін қайтадан жаңаша түрде, зор салтанатпен Республика күнін тойлайды. Бұл күн мереке қатарынан алынып тасталғанымен, Президент Қасым - Жомарт Тоқаев оны қайтадан атаулы күндердің бірі етіп бекітті. Мереке тарихы алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. 25 қазан Республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. 1990 жылдың дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің №307-ХІІ жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған болатын. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Егеменді мемлекеттіліктің іргелі қағидаттары ретінде Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік



БІЗ ЕГЕМЕНДІКТІ ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕКПЕН, МЫЗҒЫМАС БІРЛІКПЕН КҮН САЙЫН ҚОРҒАУЫМЫЗ КЕРЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстан Республикасының Президенті

бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. 2022 жылдың 16 маусымда Ұлттық құрылтайда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды. "Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек, - деді. Ендеше, елдігіміздің алғашқы мерекесі Республика күні құтты болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Ата - бабаларымыз армандаған, береке - бірлігі жарасқан Тәуелсіз елімізді сақтап қалу біздің барлығымыздың парызымыз. Мереке құтты болсын!

**Құрметпен,
Берік ТЫНЫШБАЕВ,
Ақсу ауданының әкімі.**



стратегиялық мүддесі мейлінше насихатталып, патриоттық, бүгінгі Қазақстан патриоттығын айқындайтын факторлар әлемге паш етілуі тиіс деп ойлаймын.

Тәуелсіздік декларациясын жарияладық, Конституциямызды қабылдадық, ұлттық стратегиялық мүдделерімізді анықтадық. Сондықтан бұл құжаттың маңызын кетіруге болмайды. Оны бірінші кезекке қоюымыз керек. Бұл күн тәуелсіздігіміздің күні болуы тиіс. Нақтырақ айтқанда, 25 қазан Тәуелсіз Республика декларациясы қабылданған мейрам күні болуы керек.

Сіздерді Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке – Республика күнімен құттықтаймыз!

Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні Сізге игілік пен бақыт, бақ - дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларың сәтті болсын!

Еліміздің дәулеті, жеріміздің сәулеті жолындағы игілікті істеріңіз табысты болсын!

Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,
Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІң ТҰҒЫРЫ

25 қазан – Республика күні – еліміздің жаңа тарихындағы маңызды күндердің бірі. Бұл күн Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін айқындайтын және оның тарихи даму жолындағы тағдырлы шешім қабылданған сәті ретінде ел жадында қалды. Осы күні, 1990 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы өзінің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын қабылдап, болашақ тәуелсіздіктің негізін қалады.

Бүгінде бұл мейрам – тек тарихи дата ғана емес, елдік пен бірліктің, демократиялық құндылықтардың, құқықтық мемлекеттің негізі саналатын маңызды ұлттық мереке. Осы ретте, аудандық сот қызметкері ретінде Республика күнінің мән - маңызына, оны құқықтық тұрғыдан түсінуге және егемен ел ретіндегі жетістіктерімізге аз - кем тоқталғым келеді.

Сонымен егемендік пен құқық үстемдігі – сабақтас ұғымдар. Мемлекет егемендігі – оның ішкі және сыртқы саясатта дербес шешім қабылдай алу мүмкіндігімен айқындалады. 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Декларация Қазақстанның заңнамалық, атқарушы және сот билігінің тәуелсіздігін жария етті. Бұл демократиялық, құқықтық мемлекеттің құрылуына алғашқы қадам болды.

Декларацияда алғаш рет: Қазақстан халқының өзі - өзі билеу құқығы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, қоғамдық құрылымдардың заң алдындағы теңдігі және мемлекеттік тіл мәртебесі туралы нақты нормалар бекітілді.



Осы құжат негізінде кейін 1991 жылғы Тәуелсіздік туралы Конституциялық заң, 1993 және 1995 жылдардағы Қазақстан Республикасының Конституциялары қабылданып, еліміздің заң жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырады.

Сот жүйесі – құқықтық мемлекеттің тірегі. Құқықтық мемлекетте сот жүйесі – әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ететін негізгі институттардың бірі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 - бабында еліміз «өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» ретінде орнықтыратыны жазылған. Бұл қағидаттар сот билігінің тәуелсіздігін, оның әділ әрі бейтарап қызмет атқаруын міндеттейді.

Аудандық сот – халыққа ең жақын тұрған, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау жолында алғашқы болып қызмет ететін құқықтық институт. Мұнда күн сайын: Азаматтық, Қылмыстық, Әкімшілік істер қаралады.

Сот әділдігіне деген сенімді нығайту – біздің басты мақсатымыз. Республика күні секілді мерекелер бізге осы мақсат жолында атқарған жұмыстарымызды саралап, алда тұрған міндеттерді айқындап алу үшін де үлкен мүмкіндік береді.

Республика күні – жаңа тарихи сана мен бірлік мерекесі. Қазіргі таңда Республика күні – Қазақстанның мемлекеттілігін дәріптейтін, әрбір азаматтың ел тағдырына деген жауапкершілігін сезінуге ықпал ететін мереке. Бұл күн жастардың бойына патриоттық рухты, елге деген сүйіспеншілікті, заңға деген құрметті сіңіруге бағытталған іс-шаралармен ерекшеленеді.

Аудандық сот қызметкерлері де бұл мерекені жыл сайын зор құрметпен атап өтеді. Мекемеде: Тақырыптық құқықтық дәрістер, ашық есік күндері, қызметкерлер арасында патриоттық конкурстар ұйымдастырылады.

Мұның барлығы халық пен сот арасындағы байланысты нығайтып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған игі қадамдар.

Республика күні – бұл тек мемлекеттің егемендігін атап өтетін күн емес, бұл – әрбір азаматтың жүрегінде еркіндікке деген сенім мен ел болашағына деген үміт отын жағатын ерекше мейрам. Құқық қорғау саласында қызмет ететін біздер үшін бұл – заң үстемдігін, әділеттілікті, адам құқықтарын қорғау жолындағы қызметіміздің мән - мағынасын қайта пайымдайтын күн.

Еліміздің келешегі – әділ сот, мықты құқықтық жүйе және адал қызмет ететін азаматтар қолында. Осы жолда аянбай еңбек ету – біздің Отан алдындағы борышымыз.

Мереке құтты болсын! Республикамыз мәңгі жасасын!

Ажар РАЗБЕКОВА,
Ақсу аудандық сотының бас маманы.

Республика күніне орай ауданда жалпы аудандық сенбілік

Республика күніне орай еліміздің әр түкпірінде түрлі мерекелік іс - шаралар мен игі бастамалар қолға алынуда. Осы орайда, ауданымызда да бұл айтулы мереке ерекше форматта аталып өтілді. 18 қазан күні ауданда жалпы аудандық сенбілік ұйымдастырылып,



оған мемлекеттік мекеме қызметкерлері, білім беру ұйымдарының ұжымдары, ауыл тұрғындары мен жастар белсене қатысты.

Сенбілік – тек тазалық шарасы ғана емес, бұл – елге, туған жерге деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Ауданның әрбір елді мекенінде бір мезетте басталған сенбілік барысында саябақтар, көшелер, мектеп және балабақша маңайлары, әкімшілік ғимараттардың айналасы, арықтар, сондай-ақ қоғамдық орындар тазартылды. Аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен сенбілікке қажетті құрал - жабдықтар, қаптар мен көлік құралдары алдын ала дайындалып, еріктілер мен қатысушыларға таратылды.

Сенбілікке аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы

өзі бастап шықты. Аудан әкімі өз сөзінде:

– Республика күні – халқымыздың мемлекеттілікке деген ұмтылысын білдіретін тарихи күн. Осы мерекені тек салтанатты түрде ғана емес, нақты іспен, пайдалы шаралармен атап өту – өте маңызды. Бүгінгі сенбілік соның бір айғағы. Бұл – туған жерімізге деген жанашырлықтың белгісі, – деді.

Бұл игі іс - шара тек мереке қарсаңындағы бір реттік науқан емес, тұрғындарды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үндейтін тұрақты дәстүрге айналуы тиіс.

Республика күні қарсаңында өткізілген бұл сенбілік – еліміздегі азаматтық белсенділік пен патриотизмнің айқын көрінісі.

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

Құдай пейілге береді деген рас.

Қазақ халқы бір ғасыр көлемінде қаншама зобаланды бастан өткізіп, тайфун дүлейіне түскен алып кемеге ұқсап, бірде жарға бүйірін соғып, бірде теңіз астының қақпа тастарына ұрынып-шашылып қала жаздап, әуіріммен Тәуелсіздіктің ұлы айдынына шыққаны кеше ғана. Сол қиындық пен қысталаңды халқының бір жағына шыға жүріп, қазағымен бірге өліспей, беріспей қатар көтерісіп келе жатқан ірі тұлғалар болады.

Ірі тұлғаларға қарап кейінгі ұрпақ жетіліп өседі, бойын түзейді.

Ғасырға жуық өмір сүріп, бұл күнде жүз жастың белесіне шыққан Тәңірберген Қалилаханов тек қана ілгергі тілеумен, халқына болсын деген ізгі ниетпен тіршілік сапарын ұзарта созып, биік белестің үстіне көтерілген кісі. Мұндайды атам қазақ: «ақылды қария – ағып жатқан дария» - дейді. Сондықтан қаншама қиын-қыстау күндерді бастан өткізіп, Тәуелсіз қазақ елінің қасиетті кие керуенін құра білген Тәңірберген Қалилахановтың ғұмыры бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

Тәңірберген Қалилаханов Алматы облысы, Бөрлітөбе ауданы, Кесікқұм қыстауында 10 сәуір 1916 жылы дүниеге келген.

Әкесі Қалилахан Қарақұшқұлы 1916 жылдардағы Ресей патшасының әскеріне қарсы көтерілісте ауыр жарақат алып, қаза тапқан.

Тәңірберген өзінің ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының нәтижесінде 1930 жылы Талғардағы ауылшаруашылық мамандарын даярлайтын арнайы оқу орнына қабылданады.

1932 - 1934 жж. кәсіби білім алған Тәңірберген алғашқы қызмет жолын «Алғабас» ауылшаруашылық ұжымында бастады.

Кәсіби тәжірибесі қалыптасқан ол 1935

ТӘҢІРБЕРГЕН ҚАЛИЛАХАНОВТЫҢ - 110 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА! 1916 - 2007 ЖЖ.

Тәңірберген Қалилаханов 1948-1952 жж. Алматыдағы Жоғарғы партия мектебін қызыл дипломмен бітіріп, жоғары дәрежелі журналист мамандығына ие болады. Ақсу, Қапал жерінде аудандық партия ұйымында нұсқаушылық қызметінен бастап, 1955 жылдан Алматы облысы Қапал аудандық партия ұйымының хатшысы болып тағайындалды.

Аудандық партия ұйымын басқарып жүргенінде облыстық партия ұйымының тапсырысы бойынша, 1956 жылы, сол елді мекендеген қазақ халқының бір туар ақын қызы Сара туралы тарихи деректер жинауға кіріседі.

Кейінгі жылдары 1962 жылы Алматы облысының атауы өзгеріп, аудан, облыс мекендерінің ауыстырылуына байланысты бұрынғы Қапал ауданында құрылған «Пламя Революции» колхозына партия ұйымының хатшылығына тағайындалады. Колхоз партия ұйымының басшысы бола жүріп жоғарғы партия ұйымы тапсырған зор міндетті үлкен абыроймен атқарады. Мемлекетімізге миллиондаған астық тапсырып, мал шаруашылығының дамуына, мәдени - озық тәжірибелер жинауға, жастарды білім, ғылым жолына жетелеуде зор еңбек етеді.

1968 жылы Қапал ауданының мекен-жайы



ӨМІРІ ОТАҢҒА, ЕЛТҢЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ БАЛАСЫ



жылы жаңа құрылған Ақсу аудандық «Ленин жолы» газетінде әдеби қызметкер міндетін атқарды.

Әрбір атқарған қызметіне деген зор жауапкершілік пен мол тәжірибенің арқасында білікті маман 1938-1939 жж. тұңғыш құрылған Ақсу колхоз-совхоз театрының алғашқы директоры болып тағайындалады.

1938 жылы өмірлік жары болған Қаукембаева Гүлбахарумен отбасын құрады. Сүйген жары Қаукембаева Гүлбахару зиялы қауым, әйгілі Рахметовтар және атақты Илияс Жансүгіров - Берсүгіровтер әулетінде 1921 жылы өмірге келген.

1941- 45 жж. зұлмат соғыстың отты жылдарында соғыс майданында болып, елге аман-есен бірге оралған.

Жайлы, шуақты, бақытты отбасы болып бірге өмір сүріп, бала-шағаларының, немерелерінің қызығын жетпістен астам жыл бірге көрген. Тәңірбергеннің Ұлы Отан соғысында алған заңғарлығынан Гүлбахару ерінің өмірде көз жанары, ақылшысы, шығармашылықта көмекшісі бола білген ардақты алтын алқалы – Ана болды.

Тәңірберген 1939 жылдың күзінде әскери қызметке шақырылып, Молдавияның Кишинев қаласында әскери міндетін өтеп жүргенінде 1941 жылдың 22 маусымы – соғыстың алғашқы күнінің ауыр соққысына қарсы тұруына тура келіп, ауыр жарақат алады.

Ұлы Отан соғысының бірінші күнінен бастап Оңтүстік Батыс және үшінші Беларусь майданының сапында болған Төкең соғысты 1945 - жылдың көктемі – 10- 11 сәуірінде Кенигсберг қаласын азат етіп, 1946 жылы Қызыл Армия жауынгерлік міндетін аяқтап туған еліне қайтады.

Отанын жаугершіліктерден азат ету жолында аямай төккен қаны мен тері үшін Отаны Тәңірберген Қалилахановтың ерліктерін «За Отвагу», «Отечественной войны I степени», «Отечественной войны II степени», «Красная звезда» ордендерімен, сонымен қатар «Германияны жеңгені», «Кенигсбергті алғаны» үшін және т.б. медальдермен марапаттап, Гвардия қатарына қабылдайды.

мен қызмет бабы Ақсу ауданына ауыстырылуына байланысты Ақсу аудандық партия ұйымының тапсырысы бойынша Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетіне редактор болады да, зейнеткерлікке шыққанына дейін абыройлы қызметті зор жауапкершілікпен атқарады.

Ұлы Отан соғысы зардабынан алған жарақаттары себебінен Ұлы Отан соғысының Бірінші дәрежелі мүгедектігі атына ие болады. Қазақстан Республикасы Министрлік Кеңесінің шешімімен жеке-дара Республикалық дәрежедегі зейнеткерлікке тағайындалады.

Құрметті зейнеткерлікте болса да Т.Қалилаханов Талдықорған қаласында ұйымдастырылып жатқан мәдени-мұра мұрағатының аға ғылыми қызметкерлік қызметіне шақырылып, сол өлкедегі өткен тарихи деректерді жинастырып, облыстық мұражай, мұрағаттың алғашқы іргелі қабырғасын қалаған.

Алматы, Талдықорған аймақтарында жас ақын, жазушылардың қаламын ұштап талай ақын жыр додаларының өтуіне мұрындық болған. Ақсу аудандық ардагерлер кеңесінің алғашқы құраушысы, жолға салушысы ретінде талай қарт ардагер отбасыларына көмек бергізіп, олардың бала-шағаларының білім алуларына көмек көрсетіп, кейбірінің жоғары оқу орындарында білімдерін ұштауға зор ықпал еткен.

Тәңірберген Қалилаханов шығармашылықпен айналысуды жоғарғы деңгейде көруді мақсат етіп, қазақтың зиялы азаматтары мен қауымды кездестіріп, пікір алмастыруды, ұйымдастыруды да өзіне міндет санаған. Қазақтың Ұлы ұлдары: Бауыржан Момышұлы, Сәбит Мұқанов, Иса Байзақовтармен талай жүздесіп, Жамбылдың жырларын, Мұхтар Әуезовтің дәрістерін тыңдаған. Ғали Орманов, Әлкей Марғұлан, Илияс Омаровтармен достық қарым-қатынаста болған.

Қазақтың Ақын қызы Сара Тастанбекқызының өмірде шынайы болғандығын тарих тұрғысында жерік жыл бойы дәлелдеп, тарихи деректі әдеби шығармалар жазған. Талай артыс тартыстардан өткен, Д.А.Қонаевтың қолдауымен

қойылымы болды. Шежіре тарихшы, драматург, жазушы, еңбек және соғыс ардагері Қалилаханов Тәңірберген атамыз келешек ұрпаққа мирас боларлық, мінезат сауапты іске жол ашқан үлкен бастама көтерген. Автор «Күйдастан» кітабын «Күйкөмей» толғауымен бастап «Тоғыз тарау», «Сары арқа күйі», «Сарыжайлау күйі», «Боз інген атты күйі», «Боз айғыр атты күйі», «Сарытолгау күйі», «Аққу күйі», «Қоңыр қаз күйі», «Сары жайлау 1 түрі», «Ақсақ құлан», «Айжан қыз» және тағы басқа күйлерімен қатар «Тоғыз күйдің толғауы», «Жарбол» және осы ілгеріде айтылған күйлердің нотасылық нұсқасын ғана емес олардың әрқайсысына поэзия тілімен толғау түрінде тереңде мағыналы түсінік бере осындай мәдени аса құнды шығарманы жариялаған.

Тәңірберген атамыз бұл еңбегінде тек күйлерді тізіп нотасымен жариялап қана қоймай олардың мән-мағынасын дастан, толғаулармен де бере білген дедік. Ал осы поэзия тілімен баяндауларында керемет суреткерлігімен де ерекшеленеді. Бас - аяғы 40 бетке жуық Тәңірберген атамыздың «Жауынгер жазбалары» шағын кітабында тек өзінің сол бір сұрапыл жылдары қан майданда басынан кешкендері ғана емес, «Қазақ қағанатына 13 ғасыр» атты тарихи танымдық еңбегі енген. «Соғыс бәрін де кешіреді», «Жақсы дос тастады, жаман дос жасытады» деген шығармаларымен басталған осы кітабына енген бұл тарихи құнды тұжырым Тәуелсіз еліміздің абыройын асқақтатар тағы бір тың дерек әрі жаңалық дер едік.

Иә, өмірлік қағидасы «Алда болу – аманат» дейтін, бар саналы ғұмырын халқымыздың тарихы, әдебиеті, өнері мен ілім-білімін дамытуға арнай тағлымды да еселі еңбегімен абырой асқарынан көрінген бір туар дарынды тұлға – Тәңірберген Қалилаханов атамыздың ғылымға қосқан



Қалилахановтың зерттеулері тұралы Орталық Партия Комитетінің жеке қаулысы шыққан болған. Илияс Омаровтың арнайы кітебі жарияланды. Қазір Ақын Сараны тек қана қазақтар ғана емес, бүкіл әлем Наталья Лайдиненнің «Женская поэзия» деген сайтында Қалилахановтың зерттеулерімен танысып жатыр.

Тәңірберген Қалилахановтың қаламынан қазақ елінің, оның ішінде Отырар тарихы, Өл-Фараби еңбектері мен талай жер тарихы, ел тарихы жөнінде ауқымды шығармалары жарық көрген.

Алматы облысының Талдықорған аймағындағы елді мекеннің тарихи деректерін зерттеп, Қаракерей Қабанбай, Абылай хан туралы «Абылай аманаты» атты тарихи-драмалық шығармалары кейінгі жастардың ел тарихын дұрыс қабылдауына зор көмегін тигізді, аттары әлі де болса тарих бетіне шығарылуға тиіс талай ақын жыраулар, батыр бабалар туралы еңбектері келер ұрпаққа зерделеніп, қағаз жүзінде қалдырылды.

Хатпен теңестірілетін – Қарты бар – ел болып саналатын қасиетті Ақсу жерінде талай маңдай терін төкті. Сол себепті де болар Т.Қалилахановқа Ақсудың Құрметті Азаматы атағы беріліп, жүрген, еңбек еткен жерінде көшенің аты беріліп, қазақтың саналы, зиялы ер азаматтары келіп қарт Қалилахановтан бата тілек алып, өсиетін тыңдауға құштар болатын.

«Жалын» баспасынан «Ақын Сара», «Тордағы Тоты», «Пауан» баспасынан «Шытырман шежірелер немесе тастағы жазулар», «Полиграфия» баспасынан «Абылай аманаты», «Соғыс сораптары», «Ұмай» баспасы мен «Кітап – Дәуір» баспаларынан 5 томдық «Қазақнама», «Күй Дастан» «Гибратнама», «Қорғаныснама», «Тәңірнама» т.б. шығармалары жарық көрді. «Абылай аманаты», «Ақын Сара» тұралы пьесалары Талдықорған драма театрында, Алматы, Кокшетауда қойылды. Қабанбай батырдың 300 жылдық мерейтойында Ұйғартаста Қалилаханов Тәңірбергеннің пьесасы бойынша қазақ халқы жоңғарлардан елін, жерін қорғап қалғанын тарихи драма

үлесі осындай зор.

Бұл бағытта өзіндік стилі де қолтаңбасы да айқын. Домбыра мен сырнайда да шебер ойнаған Тәңірберген атамыздың мұндай өзіне тән ерекше дарын-қабылеті кімге де болса үлгі, өнеге. «Қайтарма» күй, «Сарбаздар маршы», тағы да басқа туындыларымен кәзір әлем интернетінде корермендер таныса алады.

Тағлымды ғұмырнамасы, еселі еңбегі мен жауынгерлік ерлігі әрі ғылыми шығармашылығы арқау болған дарынды тұлға жайлы телеочерк те кезінде жұртшылық назарына көп ұсынылған. Алайда Тәңірберген Қалилаханов атамыздың бізге қалдырған бұл мұралары өз алдына әлі де терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Бір ерекшелігі дарынды тұлғаның прозалық, поэзиялық, музыкалық, драматургиялық шығармаларының қай-қайсысын алсақ татұнып тұрған тарихи деректерді көреміз. Демек, зерделі де зиялы жанның әркезде қиялына ерік берумен қатар ұдайы талмай ізденіп, әр ой-тұжырымның шынайы ақиқатына жетуін жүзеге асырып отырғаны қайран қалдыруымен қатар әр зерделі жанға үлкен ой салады және де өмірге, өнер-білімге, ғылыми ізденістерге құлшындырады.

Өйткені, Тәңірберген Қалилаханов атамыз тек өнегелі еңбек етіп, ерелі ерлік көрсетіп қана қоймай әдебиетке де, тарихқа да өнерге де ғана емес, еліміздің келешегі – жастарды ел Тәуелсіздігін баянды етуге, Отансүйіштікке, патриотизмге, еңбексүйгіштікке, ұлттық салт-дәстүрлерді қадірлеп дамытып сақтауға, тәрбиелеуге өзіндік шынайы үлесін қоса мол мұра қалдырған қайраткер дарынды тұлға.

Соған орай тарихта, сый-құрметтеуде өз орнын алуда.

Гүлша ТӘҢІРБЕРГЕНОВА, қызы, доцент, философия ғылымдарының кандидаты, РФ МАНПО корр мүшесі, ҚР БҒМ сертификатталған ғылыми сарапшысы, "ҚР Мәдениет қайраткері", "РФ білім беру ісінің еңбек сіңірген қызметкері", "ҚР Ақпарат үздігі" атақтарының иегері.



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

жан аға ауылда ұстаханада жұмыс істеп жүріп, өз үйінің ауласынан шағын ұстахана ашып алған. Онда көрік пен отты бағындырып, темірден неше түрлі құрал - сайман, бұйым, керек - жарақ соғады. Негізгі ұсталықты Қызылқайың ауылында жоғарыда айтқан марқұм Жұмаш ағамыздың қасында балғашы болып бастап, ұсталықты үйреніп, темірді суғару, оның қасиеттерін түсініп, ауылдағы ұстахана жабылғаннан кейін өз ауласына ұстахана салып, ауылдың жұртына қалақ, көсеу, аттарына таға, мал соятын түрлі пышақтар соғып, ауылда қайтыс болған адамдардың зиратын жасап, ай құйып, әр - түрлі керек құрал - саймандарды жасап жүрді. Иә, өнер - өрге бастар жол - деген осы.

Қазір Қатарбаев Ержан Аудан орталығына көшіп келіп, «Ақсу қант зауытында» ұсталық қызметін жалғастырып келеді. Қолынан балға мен темір түспейді. Күнделікті жұмыстағы ұқыптылық, еңбектегі табандылық пен шеберлік - нағыз ұсташының болмысы.

Ол тек құрал жасамайды, бір әулеттің, бір елдің еңбек дәстүрін, ата кәсіптің абыройын арқалап жүр. Темірмен тілдесіп, көрікпен сөйлескен шеберліктің ар жағында тынымсыз еңбек пен терең білім жатыр.

Қасиетті кәсіптің қадірін - зауыт басшылары да байқаған.

Ұсташылық - қазақ халқы үшін тек кәсіп емес, тектілік пен тәрбиенің

Ұсташы - еңбегімен елін өркендеткен маман

Жұмысшы мамандықтары - ел экономикасының жүрегі. Олар күнделікті өмірдің тынысын қалыптастырып, өндіріс пен тұрмыстың тұрақты жұмыс істеуіне негіз қалайды. Сол мамандықтардың ішіндегі маңызды әрі қадірлісі - ұсташы мамандығы. Бұл - шеберлік пен дәлдікті, табандылық пен жауапкершілікті талап ететін нағыз еңбек адамының кәсібі.

Иә, ұсташының жұмысы - ұлтқа қызмет ету. Себебі, ұсташылар - өндіріс орындарында, зауыттарда, құрылыс нысандарында және тұрмыста аса қажет мамандар. Олар металл құрылымдарын жинайды, қондырғыларды жөндейді, техникалық қызмет көрсетеді, құрылғылардың жұмысын тексереді және қажетті бөлшектерді қайта өңдеп, қалпына келтіреді. Бұл - көрінбей, көзге түспей жүретін, бірақ әрдайым керек мамандық.

Бүгінде техника мен технология дамыған сайын ұсташылардың қызмет ауқымы да кеңейіп келеді. Олар заманауи жабдықтармен жұмыс істеп, өндіріс автоматизациясы мен робототехника саласында да сұранысқа ие маманға айналады.

Ұсташы болу әркімнің қолынан келе бермейтін шаруа. Ол - шеберлік пен тәзімділікті қажет ететін ауыр жұмыс.

Ұсташы мамандығын меңгеру үшін, ең алдымен, нақты білім мен тәжірибе қажет. Бұл маман иесі металдың, құрал - саймандардың түрін, олардың қасиеттерін, қолданылуын жетік білуі тиіс. Сондай-ақ, инженерлік сызбаларды оқи алу, өлшеу құралдарымен жұмыс істей білу - кәсіптің негізгі шарттарының бірі.

Жоғары деңгейлі ұсташы - тек еңбекші ғана емес, жаратушы адам. Ол бұзылған құрылғыны жаңғыртып, іске қосатын, тозған бөлшекті жаңартып, өндірісті тоқтатпайтын алтын қолды шебер.

Сондықтан ұсташылар - қоғамның негізгі тірегі деуге болады.

Біздің өміріміздің барлық саласы - тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығынан бастап, энергетика, көлік, өндіріс, ауыл шаруашылығына дейін - ұсташының еңбегіне тәуелді. Оларсыз кез келген машина, құрылғы, қондырғы тоқтап қалар еді. Демек, бұл мамандық - қоғам өмірінің құрметіне деуге болады.

Ұсташы - жай ғана маман емес, еңбек

адамының символы. Ол - қарапайым, бірақ еңбегімен елдің экономикасын дамытатын, болашағына үлес қосатын нағыз патриот.

Сондықтан бүгінгі өңгімеміз «Ақсу қант зауытының» ұсташысы Қатарбаев Ержан Әсетұлы жайлы болмақ. Ұсташылық туралы айтқанда Ержан ағамызды айтпас бұрын кішкене әріден сөз қозғасақ.

«Тәукеге ұл бітсе...» — Тәуке тауы мен темірші тағдырлар

«Тәукеге ұл бітсе, ағаш пен темірге күн бітеді» — бұл сөз біздің өңірдің ғана емес, тұтас қазақ даласының еңбекке, ұсталық өнерге деген көзқарасын білдіретін терең мағыналы нақыл. Бұл мақалдың төркіні біздің ауылымыздың жанындағы Тәуке тауына барып тіреледі. Аңызға толы тау. Тарихқа тұнған мекен. Бұл жерде темірдің сыры мен тарихтың ізі жатыр.

Жоңғар Ала тауының бір сілемі саналатын Тәуке тауы — қасиетті жер. Ел аузында сақталған ескі аңыз бойынша, осы таудың баурайында ерте заманда бір атақты ұсташы баба өмір сүрген екен. Сол кісі жұрттың осы тау бөктеріне қоныстандырып, күндіз - түні балға мен төстің үніне бөленген. Халық оның соққан құрал - саймандарының сапасына, шеберлігіне қайран қалыпты.

Бір қызығы — қазірге дейін түн ішінде сол ұсташың жұртының жанындағы сай жолмен жүріп өтсең, балғаның шыңылдаған дауысы естіледі дейді көнекөз қариялар. Мен өзім естімедім, бірақ бұл сөзге сенбеске де болмайды. Өйткені, бұл аңыз емес, шындыққа жанасатын шежіре.

Жоғарыда айтылған нақыл сөздің дәлелі осы. Мен өзім де сол Тәукенің ұрпағымын. Тәуке елі темір мен еңбекке берілген әулет десек артық айтпаймыз.

Тәуке елінен шыққан темір шеберлері аз болмаған. Ауылда аты елге жайылған Тоқтасын Жақсылықов, Байғали Қапачанов, Жұмаш Әлімсияев сияқты шеберлер кезінде халықтың тұрмыс - тіршілігін ұстаханасыз елестету мүмкін емес болған заманның белді өкілдері еді. Олардың қолынан шыққан құралдар, соққан заттар ауылдың әр үйінде әлі де сақтаулы.

Бүгінде солардың ізі мен ісін жалғап келе жатқан Қатарбаев Ержан Әсетұлы — ауылымыздың мақтанышы, нағыз ұсташы. Оның бойындағы өнер мен еңбекқорлық — ата - бабасынан дарыған қасиет. Ер-

көрінісі. Ұста — елге тірек, жерге сән. Балаларымыз темір соғып, ел қорғайтын құрал жасап, тіршілікке қажетті саймандарды өмірге әкелген. Қазір заман басқа болғанымен, ұсташылықтың қадірі кеміген жоқ. Керісінше, жоғалғанды жаңғырту — ұрпақтың міндеті.

Қатарбаев Ержан сияқты азаматтар — бүгінгі жасқа үлгі. Оның шеберханасы — ерікпеннің ермегі емес, еңбек пен өнердің ошағы. Тәуке тауының бауырынан басталған темірші тағдырлардың бүгінгі жалғасы.

Тарих пен аңыз араласқан, еңбек пен өнер ұштасқан Тәуке елінің бүгінгі ұрпағы — шеберлік пен шыншылдықтың жолын жалғап келеді. Ұсташы бабалардың ізімен жүріп, темірді тізгіндеген Ержан сынды азаматтар — елдің ертеңі, еңбектің елшісі. Кейде Ержан ағамызды Тәукенің соңғы ұстасы ма деп қаламын. Одан кейінгі ұрпақтар мұндай тәзімділікті қажет ететін ауыр жұмысқа бет бұрғылары келмейтіні шындық.

Ұсталық — ұлттың өнері, ал оны жалғаушы — нағыз ер.

Тәуке тауы да, Тәуке елі де өз ұлымен мақтана алады!

Ал, кейінгі жастарға айтарым — жұмысшы болу — мақтаныш!

Бүгінде елімізде техникалық және кәсіптік білімге ерекше мән беріліп отыр. Мемлекет тарапынан жұмысшы мамандықтарды қолдауға бағытталған түрлі бағдарламалар, оқу гранттары мен дуалды оқыту жүйесі енгізілген. Бұл — жастар үшін үлкен мүмкіндік.

Ұсташы мамандығын таңдаған жас — ертеңгі күні тұрақты жұмысқа, жақсы табысқа, сұранысқа ие кәсіпке ие болады. Сонымен қатар, қолда бар шеберлікті дамытып, өз ісінің шебері атанып, жеке кәсібин де аша алады.

Ұсташы — бұл тек мамандық емес, бұл — құрметке лайықты өмір жолы. Ол — күнделікті күйбең тіршіліктің ішіндегі қарапайым батыр. Ұсташының әр соққысы, әр бұрауы — ел дамуына қосылған үлес. Сондықтан да, жұмысшы мамандықтарының жылы аясында ұсташылардың еңбегін ерекше атап өтіп, оларды насихаттау — біздің борышымыз.

Ұсташыларға мың алғыс! Олардың адал еңбегі, маңдай тері — еліміздің болашағының берік іргетасы!

Ербол СЫМХАНОВ.

Тұрақтылық пен өркендеудің негізі



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

Қоғамның тыныштығы мен елдің тұрақты дамуы — заң мен тәртіпке негізделеді. Тәуелсіз еліміздің ең басты байлығы — бейбіт өмір мен берекелі бірлік. Ал, бұл құндылықтардың кепілі — әділетті заңнамалар мен олардың қатаң орындалуын қамтамасыз ететін қоғамдық тәртіп.

Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекетіміздің құқықтық және демократиялық ел екені тайға таңба басқандай анық жазылған. Заң алдында барлық азаматтардың тең болуы — еліміздің саяси тұрақтылығын, азаматтық жауапкершілікті және өзара сыйластықты қалыптастыруға бағытталған. Осы ретте, ауданымыздағы ішкі саясат саласы да заңдылық пен қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Иә, құқықтық мәдениет — саналы қоғамның көрсеткіші. Заңды құрметтеу — әр азаматтың моральдық және азаматтық борышы. Құқықтық мәдениеті жоғары тұлға ғана өз құқығын қорғай алады және өзгелердің де құқығын бұзбайды. Бұл — өркениетті қоғамның басты белгісі. Жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, заң нормаларын түсіндіру, құқық бұзушылықтың алдын алу — бүгінгі таңда аса маңызды мәселелердің бірі.

Аудан көлемінде жыл сайын түрлі форматтағы семинарлар, дөңгелек үстелдер, құқықтық акциялар ұйымдастырылып келеді. Әсіресе, мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасында «Заң және мен», «Құқықтық қоғам — жарқын болашақ» тақырыптарында дәрістер өткізіледі. Бұл — жас ұрпақтың құқықтық санасын көтеріп, патриоттық рухын шыңдайтын тиімді құралдардың бірі.

Қоғамдық тәртіп — күнделікті өмірдің кепілі. Сондықтан қоғамдағы тәртіп — бұл тек полиция қызметкерлерінің міндеті емес, әр азаматтың ортақ жауапкершілігі. Тәртіпсіздік орын алған жерде бейберекет тірлік, алауыздық, сенімсіздік жайлайды. Сондықтан құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелермен қатар, тұрғындардың да белсенділігі қажет.

Аудандық ішкі саясат бөлімі азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп отырып, қоғамдық келісімді нығайту, этносаралық тұрақтылықты сақтау, діни экстремизмнің алдын алу бағытында тұрақты жұмыстар жүргізіп келеді. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдармен бірге құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті нығайтуға бағытталған бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда.

Қоғамның барлық мүшелері заңға бағынып, тәртіпке мойынсұнғанда ғана ел арасында сенім мен тыныштық орнайды. Осыған орай, әрбір азамат өз іс-әрекетіне жауапты болып, заң талаптарын бұлжытпай орындауы қажет. Бұл — мемлекетке деген құрметтің, елге деген жанашырлықтың нақты көрінісі.

Бүгінгі күннің басты талабы — заң үстемдігін қамтамасыз ету арқылы қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтау. Бұл бағыттағы жұмыстар ауданымызда да өз жалғасын тауып келеді.

Алмат САЙЛАУБЕКОВ,
аудандық ішкі саясат, мәдениет,
тілдерді дамыту және спорт
бөлімінің басшысы.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғанан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, **2025 жылдың 24 қарашасынан 12 желтоқсанға дейін қабылданады.** Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: **2025 жылдың 12 желтоқсаны 18 сағат 30 минутқа дейін.**

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2025 жылдың 15 желтоқсан күні 10 сағат 00 минутта** мына мекен - жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі **конкурсқа қатысуға өтінімдер:**

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауылшаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тілгілен түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тілгілен түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және **2025 жылғы «15 желтоқсанға»** дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтамалар алу үшін (728323) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Матай ауылдық округі	400,0	Жайылым	Жеңіл құмды сероземалар	3	Қажет емес	Мамандандырылған
2	Матай ауылдық округі	400,0	Жайылым	Ашық құмды сероземдермен бекітілген дөңесті құмдар	3	Қажет емес	Мамандандырылған
3	Матай ауылдық округі	500,0	Жайылым	Түйнекті бекітілген құмдары бар жеңіл құмды сероземалар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
4	Матай ауылдық округі	503,0	Жайылым	Шалғынды-сұр топырақты сортанды шалғынды-сұр топырақты	2	Қажет емес	Мамандандырылған
5	Матай ауылдық округі	459,0	Жайылым	Түйнекті бекітілген құмдары бар жеңіл құмды сероземалар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
6	Матай ауылдық округі	569,0	Жайылым	Ашық құмды сұр топырақты шалғынды-сұр топырақты құмды	2	Қажет емес	Мамандандырылған
7	Матай ауылдық округі	608,0	Жайылым	Ашық құмды сероземдермен бекітілген дөңесті құмдар	3	Қажет емес	Мамандандырылған
8	Матай ауылдық округі	384,0	Жайылым	Жеңіл құмды сероземдермен әлсіз бекіген дөңесті құмдар	3	Қажет емес	Мамандандырылған
9	Матай ауылдық округі	450,0	Жайылым	Ашық құмды сероземалары бар жартылай бекітілген жоталы-төбелі құмдар	3	Қажет емес	Мамандандырылған
10	Матай ауылдық округі	589,0	Жайылым	Жеңіл құмды сероземалар	7	Қажет емес	Мамандандырылған
11	Матай ауылдық округі	1327,0	Жайылым	Ашық құмды сероземдермен бекітілген дөңесті құмдар	9	Қажет емес	Мамандандырылған
12	Матай ауылдық округі	1327,0	Жайылым	Түйнекті бекітілген құмдары бар жеңіл құмды сероземалар	6	Қажет емес	Мамандандырылған
13	Матай ауылдық округі	779,0	Жайылым	Шалғынды-сұр топырақты сортанды шалғынды-сұр топырақты	4	Қажет емес	Мамандандырылған
14	Матай ауылдық округі	500,0	Жайылым	Түйнекті бекітілген құмдары бар жеңіл құмды сероземалар	3	Қажет емес	Мамандандырылған
15	Матай ауылдық округі	600,0	Жайылым	Ашық құмды сұр топырақты шалғынды-сұр топырақты құмды	2	Қажет емес	Мамандандырылған
16	Матай ауылдық округі	789,54	Жайылым	Ашық құмды сероземдермен бекітілген дөңесті құмдар	4	Қажет емес	Мамандандырылған
17	Матай ауылдық округі	500,0	Жайылым	Жеңіл құмды сероземдермен әлсіз бекіген дөңесті құмдар	3	Қажет емес	Мамандандырылған
18	Матай ауылдық округі	500,0	Жайылым	Ашық құмды сероземалары бар жартылай бекітілген жоталы-төбелі құмдар	3	Қажет емес	Мамандандырылған
19	Матай ауылдық округі	500,0	Жайылым	Жеңіл құмды сероземдермен әлсіз бекіген дөңесті құмдар	4	Қажет емес	Мамандандырылған
20	Матай ауылдық округі	500,0	Жайылым	Ашық құмды сероземалары бар жартылай бекітілген жоталы-төбелі құмдар	4	Қажет емес	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Ақсуского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с **24 ноября по 12 декабря 2025 года**, по адресу: (Жетісуская область, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Ақсуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: **12 декабря 2025 года, в 18 часов 30 минут.**

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена **15 декабря 2025 года в 10 часов 00 минут** (Жетісуская область, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать: для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителе и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя; местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение; обязательство по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать: бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: **«15 декабря 2025 года»** (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районное управление земельными отношениями).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона
1	Матайский сельский округ	400,0	Пастбища	Сероземы светлые песчаные	3	Не требуется	Специализированный
2	Матайский сельский округ	400,0	Пастбища	Пески бугристые закрепленные с сероземами светлыми песчаными	3	Не требуется	Специализированный
3	Матайский сельский округ	500,0	Пастбища	Сероземы светлые песчаные с песками бугристыми закрепленными	2	Не требуется	Специализированный
4	Матайский сельский округ	503,0	Пастбища	Лугово-сероземные с лугово-сероземными солончковыми	2	Не требуется	Специализированный
5	Матайский сельский округ	459,0	Пастбища	Сероземы светлые песчаные с песками бугристыми закрепленными	2	Не требуется	Специализированный
6	Матайский сельский округ	569,0	Пастбища	Лугово-сероземные песчаные с сероземами светлыми песчаными	2	Не требуется	Специализированный
7	Матайский сельский округ	608,0	Пастбища	Пески бугристые закрепленные с сероземами светлыми песчаными	3	Не требуется	Специализированный
8	Матайский сельский округ	384,0	Пастбища	Пески бугристые слабозакрепленные с сероземами светлыми песчаными	3	Не требуется	Специализированный
9	Матайский сельский округ	450,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	3	Не требуется	Специализированный
10	Матайский сельский округ	589,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	7	Не требуется	Специализированный
11	Матайский сельский округ	1327,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	9	Не требуется	Специализированный
12	Матайский сельский округ	1327,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	6	Не требуется	Специализированный
13	Матайский сельский округ	779,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	4	Не требуется	Специализированный
14	Матайский сельский округ	500,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	3	Не требуется	Специализированный
15	Матайский сельский округ	600,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	2	Не требуется	Специализированный
16	Матайский сельский округ	789,5400	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	4	Не требуется	Специализированный
17	Матайский сельский округ	500,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	3	Не требуется	Специализированный
18	Матайский сельский округ	500,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	3	Не требуется	Специализированный
19	Матайский сельский округ	500,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	4	Не требуется	Специализированный
20	Матайский сельский округ	500,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	4	Не требуется	Специализированный

АШЫҚ ӘРІ САПАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ!

Ауыл тұрғындарына сапалы, ашық және уақтылы қызмет көрсету — біздің негізгі міндеттеріміздің бірі. Мемлекеттік қызметтердің халыққа сапалы әрі қолжетімді түрде ұсынылуы — ел дамуындағы маңызды бағыттардың бірі. Осы тұрғыда Арасан ауылдық округі әкімдігі ауыл жерлерінен жер беру, жалға алу, тіркеу секілді жер қатынастары бойынша 6 бағытта мемлекеттік қызмет көрсетеді. Олар:

1. Жер учаскесін жеке меншікке сату (ақысын бірден немесе бөліп төлеу арқылы) – 5 жұмыс күні ішінде.

2. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою – 12 жұмыс күні.

3. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру – 13 жұмыс күні.

4 "Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру" мемлекеттік қызметін көрсету:

• 1-кезең – 28 жұмыс күні

• 2-кезең – 18 жұмыс күні

5. Сауда-саттықты (аукцион-сыз) талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жерлерге құқықтар беру:

• 1-кезең – 12 жұмыс күні

• 2-кезең – 3 жұмыс күні

6. Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту – 10 жұмыс күні ішінде.

Бұл қызметтердің барлығы ашықтық, заңдылық, және қолжетімділік қағидаттарына сүйене отырып жүзеге асырылады. Қызмет алушылардың басым бөлігі электрондық форматты қолдануда, бұл өз

кезегінде уақыт үнемдеуге және адам факторын азайтуға мүмкіндік береді.

Округ аумағындағы жерлер бойынша берілетін рұқсаттар, кезекке қою, мақсатты өзгерту сияқты қызмет түрлерінде сапа мен мерзім сақтау – басты назарда.

Округ әкімдігі тарапынан тұрғындарға түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіледі, қажетті ақпараттар қолжетімді форматта ұсынылады.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру — халықтың билікке деген сенімін нығайтады. Бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасын табады.

Бұл қызметтердің барлығы электронды үкімет порталы (eGov.kz) арқылы да қолжетімді. Азаматтар әкімдікке келіп те, онлайн түрде де өтініш жолдай алады. Жер қатынастарына қатысты барлық өтініштер ашықтық, заңдылық және уақтылылық қағидаттарына сәйкес қарастырылады.

Азаматтардың жер мәселесіне қатысты сұраныстары – біздің басты назарымызда. Әкімдік ұжымы алдағы уақытта да тұрғындарға сапалы қызмет көрсету жолында жұмыстарын жалғастыра береді.

Сая ЖАТАҚБАЕВА,
Арасан ауылдық округінің
әкімі аппаратының бас
маман, іс жүргізушісі.

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР – БАЛАЛАР АВАНГАРДЫҚ БАСТАУЫ



Жетісу облысында өткен «Тең мүмкіндіктер» атты балалар инклюзивті спорт фестивалі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жігері мен табандылығын көрсеткен маңызды әлеуметтік жобалардың бірі. Фестиваль аясында жарыстар бочча, жеңіл атлетика және көңілді спорттар бағыттары бойынша ұйымдастырылды. Оған 3–4, 5–6 және 7–8 сынып оқушылары қатысып, спорт арқылы өз қабілетін дәлелдеп, өз-өзіне сенудің нағыз үлгісін көрсетті. Бұл жарыс тек медаль үшін күрес емес, адам рухының, тең мүмкіндіктің және инклюзияның жеңісі ретінде есте қалды. Жарыс қорытындысы бойынша: I орын – Талдықорған қаласының командасы, II орын – Ақсу ауданының командасы, III орын – Кербұлақ ауданының қатысушылары иеленді.



Барлық қатысушылардың жетістігі – олардың еңбегінің, сенімінің және бірлігінің нәтижесі. Балалардың спортқа деген құштарлығы мен жеңіске ұмтылысы – қоғамға үлкен үлгі. Осындай шаралар арқылы қоғамда тең мүмкіндік қағидаты әлеуетін дамытуға жол ашылады. Бұл – инклюзивті қоғам қалыптастырудың нақты көрінісі. «AMANAT» партиясы инклюзивті білім мен спортты дамыту, ерекше балалардың әлеуетін ашу және оларды қоғам өміріне толыққанды араластыру бағытындағы бастамаларды әрдайым қолдайды. «Бүгін біз балалардың

бойындағы нағыз ерік-жігер мен өмірге деген сүйіспеншілікті көрдік. Осындай фестивальдер – қоғамдағы тең мүмкіндіктің, қамқорлық пен мейірімнің нақты көрінісі. Әр баланың өз қабілетін жүзеге асырып, бақытты өмір сүруіне жағдай жасауға бағытталған бастамаларды қолдауды жалғастырады», – деп атап өтті «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төраға орынбасары Асхат Досмұхамбетов. Әр баланың жүрегінде үміт, әр қадамында жеңіс бар. Біз – сол жеңістерге сенетін және демеу болатын қоғамбыз.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия
филиалының консультанты.

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі №214-VIII ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 726-бабына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу ауданында төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығын есептеуді оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимінің пайыз мөлшеріндегі мөлшерлемесі салық салу объектісіне 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға дейін төмендетіледі.

2. «Ақсу ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 наурыздағы №25-112 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №177-19 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Лауазымы

Аты - жөні

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации в Аксуском районе

В соответствии со статьей 726 Кодекса Республики Казахстан от 18 июля 2025 года №214-VIII «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) Аксуский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Понизить ставку специального налогового режима в размере процента на объект налогообложения с 4 (четыре) процентов до 3 (три) процентов на основе упрощенной декларации исчисления корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты в Аксуском районе.

2. Признать утратившим силу решение Аксуского районного маслихата от 14 марта 2024 года № 25-112 «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Аксуском районе (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №177-19).

3. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Должность

ФИО

ХАБАРЛАНДЫРУ!

04.11.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде ndbecology.gov.kz сайтында «Жетісу облысы Ақсу ауданында орналасқан «Қапал-Арасан (№2 учаске)» гранит кен орнын жою жоспары» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Granite-industries» ЖШС, Қонаев қ., Железнодорожная к-сі 44, БСН 180140024500. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар және электрондық мекенжай: тел. 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖК тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Жергілікті атқарушы орган: «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайына жолдауға болады, priroda@zhetysu.gov.kz. Тел: 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к-сі 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

04.12.2025 жылы, сағат 10-00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылы, М.Алыбаев көшесі 7 мекен жайында «Жетісу облысы Ақсу ауданындағы «Қапал-Арасан (№2 учаске)» кен орнында гранит өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 927 990 3131, қатынау коды: bbNb3г. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы «Granite-industries» ЖШС, Қонаев қ., Железнодорожная к-сі 44, БСН 180140024500, тел: 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайына жолдауға болады. priroda@zhetysu.gov.kz. Тел: 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к-сі 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 04.11.2025 г. в течение 10-ти рабочих дней на сайте ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «План ликвидации месторождения гранита «Капал-Арасан (участок №2)», расположенного в Аксуском районе области Жетісу».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Granite-industries», г.Конаев, ул. Железнодорожная 44, БИН 180140024500. Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: тел: 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetysu.gov.kz. Тел.: 8(7282)329267, г. Талдықорған, ул. Кабанбай Батыра 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

04.12.2025г. в 10:00 часов, по адресу область Жетісу, Аксуский район, с.Капал, ул. М.Алыбаева 7 будут проводиться общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче гранита на месторождении «Капал-Арасан (участок №2)», в Аксуском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 927 990 3131, Код доступа: bbNb3г. Инициатор намечаемой деятельности ТОО «Granite-industries», г.Конаев, ул. Железнодорожная 44, БИН 180140024500, тел: 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта Курманғалиев Р.А., тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetysu.gov.kz. Тел: 8(7282)329267, г. Талдықорған, ул. Кабанбай Батыра 26.

АЙМАҚ ЖАНАЛЫҒЫ

КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ АЛАУЫ ЖАҒЫЛДЫ

жер көркейіп келеді. Міне, бүгін біздің ауданға да көгілдір отын келіп жетті. Бұл – ел болашағына деген зор қамқорлықтың айғағы. Осы істің басы - қасында жүрген азаматтарға алғысымыз шексіз, — деді ақсақал ақжарма тілегін білдіріп.

Иә, көгілдір отын – ауылдың келешегі. Бұйырса, жақын арада аудан орталығындағы үш көшеге газ құбыры тартылмақ. Ал келесі жылы барлық тұрғын үйлер мен елді мекендерді толық газбен қамту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, аудан экономикасының тірегі саналатын ірі өндіріс орны — «Ақсу қант зауытына» да газ желісі тартылуда. Бұл өз кезегінде кәсіпорынның экологиялық тазалығын арттырып, өндіріс шығынын азайтады деп күтілуде.

Көгілдір отынның келуі – тұрғындар үшін өмір сапасының артуы, экологиялық ахуалдың жақсаруы, ең бастысы, ауылдық жерлердің өркендеуінің нақты көрсеткіші.

Салтанат соңы мерекелік концертке ұласып, аудан өнерпаздары ел бірлігі мен еңбегін жырлаған ән - жырларын тарту етті. Шараға жиналған жұрт аспанға шапшып жанған көгілдір алауды үлкен қуанышпен тамашалады. Бұл көрініс аудан халқының санасында Тәуелсіздік пен жаңғырудың, ел игілігі үшін жасалған жарқын істің символы болып қалды.

Республика күні қарсаңында жанған көгілдір алау – тек газ тұтату рәсімі ғана емес, Жетісу өңіріндегі жаңа өмірдің, жылы үй мен жайлы тұрмыстың бастауы іспетті. Бұл – халқымыздың бірлігі мен мемлекет қамқорлығының айқын көрінісі.

Ербол СЫМХАНОВ.

«ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ» ШТАБЫ АҚСУ АУДАНЫНДА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗДІ



«AMANAT» партиясының Жетісу облыстық филиалы облыстық білім басқармасымен бірлесіп құрған арнайы «Қоғамдық бақылау» штабы Ақсу ауданына жұмыс сапарымен барды. «Қоғамдық бақылау» штаб мүшелері Жансүгіров ауылындағы «Арай» жекеменшік балабақшасында және Есеболатов ауылындағы Н.Есеболатов атындағы орта мектептің мектепке дейінгі шағын орталығында болды. Мониторинг барысында білім беру ұйымдарындағы бейнебақылау жүйесі, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуы, дабыл батырмасының жұмыс істеу жағдайы, жылыту маусымына дайындық барысы назарға алынды. Сондай-ақ, асханалардың санитарлық жағдайы, оқушыларға ұсынылатын тағам сапасы, азық-түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттары, тағам дайындау талаптарының сақталуы да бақылаудан өтті. Аталған шараның мақсаты – балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз етуге бағытталған білім беру ұйымдарындағы жағдайды жақсарту және қоғам тарапынан тиімді бақылау орнату.

Шағала АЙДЫНҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.

КІТАППЕН ӨМІР ҚЫЗЫҚТЫ



Барлыбек Сырттанов ауылдық кітапханасында "KITAP Time - 2025" жалпы республикалық акциясы аясында 4 сынып оқушыларымен "Кітаппен өмір қызықты" мерекелік шара өтті. Кітапханада "Оқи және жәнә өзгеге ұсын", "Кітапханаға кітап сыйла" акциясы, "Балаларға базарлық", "Бір ел - бір кітап" акциясы, А.Құнанбаевтың 180 жылдығы, мерейгер кітаптары, жаңа кітаптарға көрме шолу жасалды. "Кім білгір" викториналық сұрақтар қойылып, мақал - мәтелдің жалғасын табып, сергіту ойындары ойнатылып, тәттілер берілді.

Шараны ауыл әкімі құттықтау сөзімен бастап, кітапханаға «Кітап сыйла» акциясы аясын-

да В.Якушкиннің «Алтын емел» 2 дана кітабын сыйға тартты.

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, рухани байлығын кеңейту.

Кітап – білім бұлағы, рухани байлықтың кілті. Кітап оқи отырып, біз әлемді танимыз, ойымызды дамытамыз. Бүгінгі кітаппен өткен сағат – сіздің өзіңізге жасаған рухани инвестицияңыз. Кітап оқиық, біліммен қаруланайық!

Назира АУБАКИРОВА,
«AMANAT» партиясының мүшесі, Б.Сырттанов ауылдық кітапханашысы.

● «Туберкулез және жұқпалы аурулар» Қайырымдылық корпоративтік қоры (БСН 090640008260) Жарғы және Мөр таңбасы жоғалғаны туралы хабарлайды.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2025 - 2026 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне бай-

ланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу

жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Ербол СЫМХАНОВ.

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге
және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

БАСПАСӨЗ - 2026

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат
комитеті 2015 жылғы
16 қараша айында
есепке қойылды. Күздік
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған
мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.
Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2254

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.